

Нуржаубаев Мейрам Махановичке
«8D11301 – Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон
ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы
докторлық диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторанттың «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теміржол көлігінің пайдалану қызметіндегі маңызды ғылыми-тәжірибелік мәселелердің бірі – вагон ағындарын тиімді ұйымдастыру мәселелерін зерттеуге арналған.

Теміржол көлігі Қазақстан Республикасының көлік жүйесінің негізгі буындарының бірі ретінде ішкі және халықаралық жүк тасымалдарының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты вагон ағындарын тиімді ұйымдастыру, пойыздарды құрастыру мен жөнелту үдерістерін оңтайландыру, вагон ағындарының тоқтап қалуын қысқарту, тасымалдау үдерісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері ерекше өзектілікке ие. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі уақытта жүк тасымалдарының көлемінің артуымен, вагондардың станцияларға біркелкі түспеуімен, теміржол желісінің жекелеген учаскелеріндегі өткізу қабілетінің шектеулігімен және эксплуатациялық шығындарын төмендету қажеттілігімен айқындалады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – вагондарды ұтымды жинақтау, яғни пойыздарды құрастыру мен жөнелту үдерістерінің технологиялық келісімділігін қамтамасыз ету негізінде вагон ағындарын тиімді ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа сәйкес автор бірқатар ғылыми міндеттерді шешкен, атап айтқанда вагон ағындарын ұйымдастырудың теориялық негіздерін талдау, магистральдық теміржол желісіндегі вагон ағындарының қазіргі жағдайын зерттеу, вагондарды жинақтау параметрлері мен тасымалдау үдерісінің экономикалық көрсеткіштері арасындағы тәуелділіктерді анықтау, сондай-ақ вагондарды жинақтау үдерісін оңтайландырудың экономикалық-технологиялық моделін әзірлеу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы вагон ағындарын ұйымдастырудың экономикалық және технологиялық аспектілерін кешенді түрде қарастыруымен сипатталады. Автор вагондарды жинақтау параметрлерінің, вагон ағындарының біркелкі еместігі және пойыздарды жөнелту режимінің тасымалдау үдерісінің тиімділігіне әсерін анықтаған. Сонымен қатар, пойыздарды құрастыру және жөнелту жоспарының орындалуына әсер ететін ауытқуларды анықтау әдістемесі ұсынылған.

Жұмыста жүк пойыздары қозғалысының «рейстік моделін» қолдану шарттары негізделіп, вагондарды жинақтау үдерісінде осы модель арқылы үйлестірудің ғылыми тәсілдері қарастырылған.

Зерттеу нәтижелері Алматы жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық станцияларында сынақтан өткізіліп, олардың тиімділігі экономикалық есептеулер арқылы дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс қалыптастырылған. Жұмыс кіріспеден, бірнеше тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір тарауда зерттеу мәселесінің белгілі бір аспектілері жүйелі түрде қарастырылып, теориялық тұжырымдар тәжірибелік материалдармен толықтырылған. Диссертацияны дайындау барысында автор негізгі теориялық және әдістемелік ережелерді зерттеген. Тақырыптың теориясын зерттеу әртүрлі ғалымдар мен авторлардың ғылыми жарияланымдарының мазмұнын талдаумен негізделген. Теориялық аспектілерді зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, автор вагон ағындарының қозғалыс үдерісіне қатысушы құрылымына өзіндік түсіндірмесін тұжырымдады. Әдістемелік аспектіде диссертант әлемдік тәжірибедегі «рейстік модель» қолданыстағы әдісін, сондай-ақ шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелерінде пайдаланылған есептеулердің әдістерін жан-жақты талқылаған.

Автор келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

– вагондарды жинақтау параметрлерінің, вагон ағындарының біркелкі еместігінің және пойыздарды жөнелту режимінің вагон ағындарын ұйымдастыру тиімділігіне әсері кешенді түрде айқындалды;

– пойыздарды құрастыру және жөнелту жоспарының орындалуына ықпал ететін критикалық ауытқулар анықталып, пойыздарды құрастырудың рұқсат етілген нұсқаларын таңдау әдістемесі әзірленді;

– вагондардың жеке топтарының түсу ерекшеліктерін және «рейстік модель» бойынша пойыздарды жөнелту шарттарын ескере отырып, вагондарды жинақтау үдерісі жан-жақты зерттелді;

– әрбір фактордың ықпал ету дәрежесін нақтылай отырып, вагон ағындарының ұйымдастырылу тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар жүйеленді;

– ғылыми дәлелденген әдістемелік құралдың қолданылу мәнін аша отырып, пойыздарды құрастыру мен жөнелтуді оңтайландырудың кешенді сызбасы ұсынылды;

– әртүрлі пайдалану жағдайлары мен уақыт кезеңдерін ескере отырып, вагон ағындарын ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар негізделді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері 4 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде 1 мақала - Scopus деректер базасында индекстелген басылымда, 3 мақала - ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚҚ ұсынған журналдарда.

Нуржаубаев Мейрам Махановичтің дайындаған диссертациясы өз бетінше орындалды, барлық таңдалған міндеттерді шешу арқылы мақсатқа қол жеткізілді.

Қорыта айтқанда, диссертациялық жұмысты өзінің мақсатына жеткен, теориялық тұрғыдан жоғары деңгейде орындалған ғылыми зерттеу деуге негіз бар.

Нуржаубаев Мейрам Махановичтің «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс мазмұны «8D11301 – Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасының паспортына толық сәйкес келеді және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай орындалған және ашық қорғауға ұсынылады.

Ғылыми жетекші:

Қ.И. Сатбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Логистика»
бағытының қауымдастырылған профессоры,
экономика ғылымдарының кандидаты:

С. Болатқызы

